


Құдіретті комедия

Казијева Ж.Н.



Құдіретті комедия

- Дантенің дүние жүзіне даңқы шыққан әйгілі шығармасы «Құдіретті комедия» ([итал.](#) *La Commedia, La Divina Commedia*) (1307-1321). Бұл поэманы орта ғасырлық мәдениетінің көркем синтезі деп санауға болады. Әдебиетке Данте орта ғасырдың ақырғы ақыны және жаңа заманның алғашқы ақыны болып кіреді. Бұл Италия қоғамының өтпелі дәуірін жан-жақты сипаттаған, бүкіл орта ғасырлық мәдениеттің философиялық-көркемдік түйіні іспеттес шығарма Данте өзі мұны комедия деп қана атаған, ал «құдіретті» деген сөз 16-ғ-да қосылды. «Құдіретті» деген сөз Данте поэмасының діни мазмұнын емес, оның поэтикалық шеберлігін көрсету үшін қолданған.



Шығарманың алғашқы беті

«Тамұқ», «Бәрзақ», «Жұмақ» атты үш тараудан тұратын, бір қарағанда, ортағасырлық христиандық көзқарастар энциклопедиясы ретінде қабылдануы мүмкін «Құдіретті комедияда» адамның жер бетіндегі өмірі, қызметі, жан дүниесі суреттеледі. Көне дәуірдегі алуан түрлі образдар, ерте заман ақындары мен философтары да шығармада кеңінен сөз болған.

Еуропа зерттеушілері жазады: «...Өзінің жеке басындағы ең бір мұңды шақтары оған ғарыштық оқиғадай болып көрінетін, ең ескі мифтік оқиғаның өзін бүгінгі күннің өзекті мәселесі деп қабылдады. Дантенің көргіштік қабілетінің зор ауқымы оның тек өзіне ғана қатысты нәрселердің өзін басқалардың да сол қалпында көре алуына мүмкіндік берді, мөлдір янтарьдің ішінде қатып қалған шіркейді көргендей дәлдікпен басқалардың да айқын көре алуы үшін өз мұңын аса маңызды жағдайлардай әсермен жеткізеді. Қарсыластары оның дастандарының поэтикалық материясының мәңгілік тұтқынында қалды. Данте рух берсе болды, өтпелі нәрсенің бәрі мәңгі нәрселерге айналады».

«Әлемді жаратушы – жалғыз Құдай, ал Құдайдың ең ғажайып жаратындысы – адам» деген негізгі идеяны қазық еткен бұл шығарма Қайта өрлеу кезеңінің антропоцентризмінің алғашқы туындысы болып табылады.



Тамұқ. Сандро Боттичели

Бөлімдері

Тамұқ



Бәрзақ



Жұмақ



Дантенің "Құдіретті комедия" шығармасы "Тамұқ", "Күнәдан тазару", "Жұмақ" деп аталатын үш бөлімнен тұрады. Тамұққа, терең жер астына, күнәһар адамзат өкілдері, кісі өлтіргендер, өзіне қол салғандар түседі де, мәңгілік рухани және дене азабын тартады. Күнәдан тазару жолына түскенде тауға шығып, күнәдан тазарған соң, жұмаққа кіреді. Күнәдан тазарып, жұмаққа барғанша көп азапты жолдардан өтеді. Ал жұмаққа кіргендер өмірін мәңгі-бақи рақатта өткізеді.

Мәдениетке әсері

